

5. Су ресурстарын басқару және коммуналдық сумен жабдықтау және су бұру. Сарқынды суларды өңдеу жөніндегі кәсіпорындарда және суару секторында 3 мыңнан 8 мыңға дейінгі жаңа жұмыс орны құрылатын болады; сонымен қатар жаңа инфрақұрылым объектілерін салу кезеңінде уақытша бос жұмыс орындарын құруға болады.

Қорытындылай келе, «жасыл» экономика ұлттық экономиканың баюымен қатар, ЖҰӨ өсу қарқынын жылдамдатады, халықты жұмыспен қамтып, еңбек нарығын дамытады. Ол кедейшілікті жою мен экологиялық ресурстарды сақтау арасындағы байланысты орнатады. Экологиялық экономика жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етеді. Мұндай қоғамда жаппай өндіру болмайды және табиғи ресурстарды пайдалану қысқарады. Табиғи ресурстардың орнына «Жасыл Нано» технологиясы қолданылады.

Әдебиеттер

1. БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі комиссиясының(ЮНЕП) пресс- релиздері мен құжаттары
2. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін Астанада өткізу туралы шешім қабылдануына байланысты Қазақстан халқына Үндеуі
3. «Іскер Қазақстан» («Деловой Казахстан») газетінің 85-ші номері
4. «Литер» қоғамдық-саяси газетінің 125-ші номері
5. http://akorda.kz/ru/page/page_expo-2...ane_1356073251
6. http://ru.wikipedia.org/wiki/Зелёная_экономика
7. <http://bnews.kz/ru/blogs/proon/post/91>

Бақтыбай Н.Б., 1 курс магистранты (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ СЫРТҚЫ ӘСЕРЛЕРДІ ИНТЕРНАЛИЗАЦИЯЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Жалпы теңдік концепциясының ядросы болып табылатын Парето тиімділіктің ерекшеліктері бар - бұл экстерналия, яғни монополиялармен қоғамдық тауарлардың болуы. Сыртқы әсерлер немесе экстерналия дегеніміз – бағадан көрінбейтін нарықтық келісімдерден алынған пайда немесе шығындар болып табылады. Олар «сыртқы» деп аталады себебі аталған операциялардың экономикалық агенттеріне ғана емес сонымен қатар үшінші тұлғаларға да қатысты. Олар тауарлар мен қызметтерді өндіруде ғана емес сонымен бірге тұтыну нәтижесінде пайда болады. Сыртқы әсерлер теріс және оң болып бөлінеді. Теріс әсерлер шығындармен байланысты, ал оң әсерлер үшінші тұлғалардың пайдасымен байланысты. Сонымен, сыртқы әсерлер әлеуметтік шығындармен (пайдамен) және жеке шығындардың (пайданың) арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді:

$MSC = MPC + MEC$,

мұнда, MSC шекті қоғамдық шығындар;

MPC шекті жеке шығындар;


MEC шекті эктернальды (сыртқы) шығындар.

Егерде бір экономикалық агенттің қызметі басқаларға шығын тудыратын болса онда теріс сыртқы шығын пайда болады.

Мысалы, зауыт өндірістің көлеміне шамалас, дұрыс тазартылмаған суды өзенге төгеді және балықшылармен шығарылатын балықтарды улайды. Ол өндіріс өскен сайын қоршаған ортаны ластау көлемінің артқанын көрсетеді, яғни X тауарын өндіру нәтижесінде тағыда бір Z ластау деген өнім түрін аламыз, қоршаған ортаны ластау, ол Y тауарының (балықтың) өндірісі процесін бұзып отыр. Мысалы X тауарының бәсекелестік нарығы бар делік. Z экономикалық емес тауар, себебі сирек кездеседі, алайда ол сұраныста емес. Өйткені зауыт суды толық тазартпайды оның шекті жеке шығындары шекті қоғамдық шығыннан төмен себебі мұнда суды тазарту үшін қосымша тазарту құрлысы жүйесін жасауға шығындар қосылмаған. Бұл шығарып отырған X тауар санын


тиімді өндіру көлемнен артық шығаруға әкеледі (1 сурет). Тазарту құрылғысыз (болмаса) шығарылатын тауар саны P_1 бағасында Q_1 т қағазын құрап отыр. Нарықтық теп-теңдік E_1 нүктесінде анықталады, онда MPC шекті жеке шығынына тең ұсыныс, шекті қоғамдық тиімділікке тең $MSB = MSC$ сұраныстың қисық сызығымен қиылысады, яғни $MTC = MSB$

Себебі $MSC = MPC + MEC$ сыртқы әсердің интернализациясы (сыртқы шығынды ішкі шығынға айналуы) сыртқы әсер P_2 дейін бағаның өсуінде X шығаруды Q_2 дейін төмендетеді. E_2 нүктесінде $MSB = MSC$.



1 сурет. Теріс сыртқы әсерлер.

Мұнда ластау жойылмайды ағынды су шығару Q_2 өндірісі көлеміне пропорционалды. Алайда Z өндірісі едәуір кемиді. $AU_1 E_2$ үшбұрыш аумағы әсерлерді яғни тиімділікті жоғалтуды көрсетеді. Сонымен, теріс сыртқы әсерлер барысында тауарлар мен қызметтерді артық өндіру ісі теріс сыртқы әсермен жүреді.



2 сурет. Оң сыртқы әсер.

Оң сыртқы әсерлер мына жағдайда пайда болады егерде бір экономикалық субъектінің қызметі басқаларға пайда әкелетін болса: $MSB = MPB + MEV$ мұнда MSB шекті қоғамдық пайдалар; MPB шекті жеке пайдалар; MEV шекті экстернальдылар (сыртқы пайдалар). Бізге көлеңке түсіріп тұрған көршінің бағы және эстетикалық ләззат, білім – онды сыртқы әсерлі тауарлар түрлері. Алайда ондай тауарды өндіру туралы шешім қабылдау барысында (білім алу барысында) рационалды субъект өндіріске қатысты шығынды және сол уақытта алынатын пайданы салыстырады. Сондықтан онды сыртқы әсерлермен тауарларды өндіру (адами капиталына инвестициялар) оптималдыдан төмен (2сурет). Нарықтық тепе-теңдік шекті жеке пайда және шекті әлеуметтік шығындар қиылысы нүктесінде анықталады: $MPB = MSC$. Алайда, шекті әлеуметтік пайдалар шекті жеке пайдалардан шекті сыртқы пайда көлемінде артық. Сондықтан қоғам үшін әсерлі

тепе-теңдікке шекті әлеуметтік пайдамен және шығындардың қиылысқан нүктесінде қол жеткізілуге болар еді, яғни E2 нүктесінде. Әсерлер AE1 E2 үшбұрыш алаңын артады.

Қорытынды: оң сыртқы әсерлер болған жағдайда оң сыртқы әсерілері бар тауарлар мен қызметтерді толық өндіремеу орын алады.

Теріс сыртқы әсерлер мәселесінің ең тиімді шешімі ол экстерналды Z өнімінің нарығын құру. Алайда ол мына жағдайда ғана мүмкін болады, егерде Z қалаулы болса, яғни, мысалы ауруды емдеу, электрэнергияны өндіру барысында пайдаланылатын болса және т.б. мұндай жағдайда Z тауар бағасы пайда болады және ол нарыққа X және Y тауарымен бірге кіреді.

Эктернальдылық мәселенің екінші шешу әдісі салық салу және субсидиялау болып табылады. Теріс экстерналиялары бар тауар шығаруды төмендету үшін және өндірісі аз оңды тауармен қызметті толтыру үшін оны интернализациялау қажет, яғни сыртқы әсерлерді ішкі әсерлерге трансформациялау қажет. Сыртқы әсерлерді ішке интернализациялау шекті жеке шығынды (пайданыда) шекті әлеуметтік шығынға (пайдаға) жақындату арқылы қол жеткізіледі. Ол үшін А.С. Пигу 20 жылдары түзетуші салық пен субсидияны ұсынды. Түзетуші (пигувиандық) салық – ол теріс экстерналиялы бар тауарды шығаруға салық, ол шекті жеке шығынды шекті қоғамдыққа дейін көтереді. Зауыт туралы мысал келтіргенде салық шекті сыртқы шығынға тең $T=MEC$ нарықтық теңдікті тиімділікке жақындатады:

$MSB=MSC$

Түзетуші субсидия – дегеніміз ол оң экстерналиясы бар тауарды өндіруші мен тұтынушыға субсидия ол шекті жеке пайданы шекті қоғамдық пайдаға жақындатады.

Студенттерге ұсынылған түзетуші субсидия шекті сыртқы пайдаға тең ($S=MEB$), бұл оны білім беруге сұранысты $MSB=MSC$ дейінгі деңгейге көтереді.

Түзетуші салықтар мен субсидиялар экстерналия мәселесін толық шешпейді. Біріншіден, салық көлемін анықтау барысында мәселе туындайды, ол фирмаларды дұрыс ақпарат беруге қалай қызықтыруға болады? Екіншіден шығын көлемі сот шешімімен шамалау арқылы анықталады. Соңында түзетуші салықтар теріс экстерналияны жоққа шығармайды. Ол мәселені шешудің жаңа жолдарын көрсетті олар Р.Коуздың жұмыстарымен байланысты.

Әдебиеттер

1. Д. Норт Институттар және экономикалық өсім \ Тезис, Т1 2 басылым, 2013
2. О. Уильямсон. Қазіргі заманғы экономикалық сараптаудың өзін-өзі ұстауының алғы шарттары \ Тезис1 басылым3, 2003

**Машан Т. Т., химия кафедрасының доценті, химия ғылымдарының кандидаты,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университет
Белғара А. Б., химия кафедрасының магистранты, Л. Н. Гумилев атындағы
Еуразиялық Ұлттық Университет**

ФОСФОГИПСТІ ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛЫ РЕТІНДЕ ТИІМДІ УТИЛИЗАЦИЯЛАУ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ШОЛУ МАҚАЛА

Фосфогипс – фосфор қышқылы өндірісінің қалдық өнімі. Фосфориттер ауыл шаруашылығына керекті тыңайтқыштар және жемдік қоспалар өндірісінде кеңінен қолданылады. Фосфор қышқылының кейбір бөлігі басқа да тұтұну тауарларында қолданылады: пленкалар, шамдар, тазартқыш заттар, витаминдер, қытай форфоры, алкогольсіз сусындар және т. б [1]. Экологиялық, эстетикалық және экономикалық